

Өкім / Распоряжение

Өкім – кәсіпорынның күнделікті өндірістік-шаруашылық және әкімшілік қызметінің жедел мәселелері бойынша әзірленетін құжат.

Өкім кәсіпорынның ішкі құжаттарына арналған бланкілерде ресімделеді және оған кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

Өкім мәтінінде мына мәселелер қамтылады:

- нақты тапсырма (жұмыс);
- орындаушының жауапкершілігі;
- орындау мерзімі.

Өкім беру бөлігі, әдетте, қазақ тіліндегі мәтінде «қамтамасыз етсін», «жүктелсін», «белгіленсін», «құрылсын» және т.б. деген сөздермен аяқталады.

Өкім мәтіндерінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері

в виде замечания	ескерту түрінде
в связи с прохождением специальной проверки	арнайы тексеруден өтуіне байланысты
в соответствии с пунктом	тармағына сәйкес
в целях реализации	орындау мақсатында
контроль за исполнением данного распоряжения	осы өкімнің орындалуын бақылау
о наложении дисциплинарного взыскания	тәртіптік жаза қолдану туралы
о создании аттестационной комиссии	аттестаттау комиссиясын құру туралы
по проведению мероприятий	іс-шараларды өткізу бойынша
по соглашению сторон	тараптардың келісімі бойынша
полный расчет	толық есеп айырысу
производственная необходимость	өндірістік қажеттілік
создать рабочую группу в следующем составе	мына құрамда жұмыс тобы құрылсын
утвердить аттестационную комиссию в составе	аттестаттау комиссиясы мынадай құрамда бекітілсін
жарамсыз деп табылсын	считать недействительным
жауапкершілік жүктелсін	возложить ответственность
жауапты адам тағайындалсын	назначить ответственное лицо
ҚР Заңының 15-бабына сәйкес	согласно ст. №15 закона РК
орынбасарға жүктелсін	возложить на заместителя
орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын	контроль за исполнением оставляю за собой
отырысқа дейін төрт жұмыс күні ішінде	за четыре рабочих дня до заседания
өзгерістер енгізу туралы	о внесении изменений
өзгерістер енгізілсін	внести изменения
сараптау комиссиясы туралы Қағида әзірленсін	разработать Положение об экспертной комиссии
тексеру актісі негізінде	на основании акта проверки
толық көлемде есеп жүргізілсін	провести расчет в полном объеме
төрағаның басшылығымен	под руководством председателя
тұрақты қызмет ететін сараптау комиссиясы құрылсын	создать постоянно действующую экспертную комиссию
алынған мәліметтерді тексеруді ұйымдастыру үшін	для организации проверки полученных данных